

# **Еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру құқығы**

**203-топ**

- **Дайындаған: Орынбасарова Жайнагүл**
- **Тексерген: Шаменова Шынар**

## Еңбек құқығы (ағыл. labour law) - Жалдамалы жұмысшылардың еңбегін реттейтін құқық саласы.

### Еңбек құқығы:

- жұмыскер мен қызметкердің тікелей еңбек ету жағдайы бойынша жұмыс беруші атынан әрекет ететін әкімшілікпен қатынасын реттейді;
- өндірісті басқаруға жұмыскердің қатысу, еңбек жағдайын тағайындау мен қолдану жағдайы бойынша әкімшіліктің еңбек ұжымымен қатынасы;
- еңбек дауларын қарастыру бойынша қатынастар;
- еңбекті қорғау және бірқатар басқалары бойынша қатынастар.

# Еңбек құқығының принциптері.

- Еңбек құқығының принциптері – еңбек қатынастарын және олармен тығыз байланысты қоғамдық қатынастарды реттеу кезінде басшылыққа алынатын бастапқы постулаттар, идеялар.
- Қазақстан Республикасының Конституциясында еңбек саласындағы қатынастарды құқықтық реттеудің мынадай принциптері баянды етілген:
  - ✓ еңбек бостандығы және өзінің еңбекке қабілеттілігіне еркін билік ету, қызмет пен кәсіп түрін таңдау мүмкіндігі;
  - ✓ мәжбүрлі еңбекке тыйым салу және жұмыссыздықтан қорғау (24-бап); денсаулықты қорғау құқығы (29-бап);
  - ✓ бірлестіктер бостандығына құқығы (23-бап);
  - ✓ құқықтар мен бостандықтарды заңмен тыйым салынбаған барлық әдістермен қорғау құқығы (13-бап);
  - ✓ еңбегі үшін ешқандай кемсітушіліксіз және жалақының ең аз мөлшерінен кем емес сыйақы алу құқығы (24,28-бап);
  - ✓ демалуға құқығы (24-бап).

## Еңбек құқығында осы саланың өзіндік ерекшелігі ескеріле отырып құқықтар нақтыланады және мынадай түрде беріледі:

- 1. Еңбек бостандығы еңбек шарты бостандығының салалық принциптеріне ауысады.
- 2. Денсаулық сақтау құқығы қауіпсіздік пен тазалық талаптарына жауап беретін еңбек жағдайлары құқығында нақтыланады.
- 3. Еркін бірлестіктерге құқық – нақ өндірістік кәсіптік мүдделерді қамтамасыз ету және қорғау үшін кәсіптік одақтарға бірігу құқығы – еңбек құқығы принципіне ауысады.
- 4. Өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау құқығы ереуілге шығу құқығын қоса алғанда, оларды шешудің заңмен белгіленген әдістерін пайдалана отырып жеке-дара және ұжымдық еңбек даулары құқығында нақтыланады.
- 5. Демалыс құқығы еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін қызметкерлерге қатысты Конституцияның өзінде, заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мерекелік күндерге, ақы төленетін жыл сайынғы демалысқа белгіленген кепілдікпен нақтыланады.
- 6. Еңбекке ақы төлеу принципі де конституциялық деңгейде сала ретінде белгіленген, өйткені ол адам қызметінің тек жекелеген нәтижесінің төлемін алумен ғана емес, оның процесімен байланысты.

# Еңбек құқығының қайнар көздері, ұғымы және түрлері.

- Заң ғылымында құқтық қайнар көздеріне мемлекеттік тұрғыдан қызметкерлердің еңбегін реттейтін әртүрлі формада қабылданатын құқық нормасының жиынтығы жатады.
- Еңбек қатынастары саласындағы құзыретті органдардың барлық жағдайларда қолдануға есептелген нормативтік нұсқаулардан тұратын құқықтық актілерді еңбек құқығының көздері болып табылады. Әдебиетте бұл көздер «еңбек турал нормативтік актілер», «еңбек құқығының нормативтік актілері» және т.б. деп аталады.

**Еңбек туралы нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасындағы Еңбек туралы Заңынан және соған сәйкес қабылданған:**

- заңдардан және Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар жарлықтарынан;
- Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарынан;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларынан;
- Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің нормативтік қаулыларынан;
- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулыларынан;
- министрліктер мен ведомстволардың нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

## Еңбек туралы заңдардың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 1) Еңбек саласындағы нарықтық қатынастардың құқықтық негіздерін бекемдеу;
- 2) Еңбек бостандығы мен еңбек туралы шарттар бостандығын бекемдеу;
- 3) Еңбек қатынастарындағы қызметкерлер мен жұмыс берушінің құқықтық мәртебесін белгілеу;
- 4) Әлеуметтік серіктестік қатынастарын реттеу;
- 5) Қызметкерлердің, оның ішінде уақытша жұмыссыздардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ететін құқықтық кепілдіктер жүйесін орнықтыру.

Қазақстан Республикасында еңбек қатынастары бірқатар заңдармен реттеледі. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – 2007 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі.



# *Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы ұғымы, жүйесі, қағидалары*

- 1. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының ұғымы*
- 2. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының жүйесі*
- 3. Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қағидасы*

## **Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының ұғымы**

**Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы** – еңбекке қабілетсіз азаматтарға материалдық және әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы қатынастарды, сондай-ақ олармен тығыз байланысты заңдық фактілерін анықтау және дауларды шешу жөніндегі іс жүргізу қатынастарын реттейтін құқық саласы.

**Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының негізгі институттары:** еңбек стажы, зейнетақылар, жәрдемақылар, жеңілдіктер, өтемақылар, әлеуметтік қызмет көрсету.

**Жәрдемақы институты:** балалары бар тұлғаларға берілетін жәрдемақылар, еңбекке уақытша жарамсыздығына байланысты жәрдемақы, жерлеуге байланысты берілетін жәрдемақылар және т.б.

**Зейнетақы институты:** жасына байланысты зейнетақы, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы, әлеуметтік зейнетақылар және т.б сияқты құрылымдардан тұрады.

**Кешенді институт бір институт:** әр түрлі құқық саласының нормаларын біріктіреді. (Зейнетақы институты – қаржы құқығы, азаматтық құқық, әкімшілік құқық, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы)

**Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының оқу курсының жүйесі үш бөлімнен тұрады:**

**Жалпы бөлімде** – Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының пәнін, әдісін және міндетін, құқық нормаларының уақыттағы, кеңістіктегі және тұлғалар шеңбері бойынша, күшін, әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастарды, құқықтық қатынастардың туындау, өзгеру және тоқтатылу негіздері, олардың объективтілерін, әлеуметтік қамсыздандыру құқығының қағидаларын, жүйесін және қайнар көздеріне сипаттайтын нормалар жатады.

**Ерекше бөлімде** – әлеуметтік қамсыздандыру саласының жекелеген институттарын зерттейді. Зейнетақымен қамсыздандыру, еңбек стажы, жәрдемақымен қамсыздандыру, жеңілдіктер, өтемақылар т.б. Ерекше бөлім азаматтарға әлеуметтік қамсыздандырудың әртүрлі түрлерін ұсынудың жағдайлары мен тәртібін, олардың мөлшерін реттейді.

**Арнайы бөлімде** – әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық қатынастарды халықаралық құқықтық реттеудің мәселелері, сонымен қатар шетел мемлекеттерінің халықты әлеуметтік қамсыздандыруға қатысатын заңдары қарастырылады.

*қағидалар мен  
міндеттер*

*азаматтардың әлеуметтік  
қамсыздандыру  
саласындағы негізгі  
құқықтары*

*мемлекеттің, зейнетақылық  
қорлардың және жергілікті өзін-  
өзі басқару органдарының  
әлеуметтік қамсыздандыруды  
құқықтық реттеуге қатысты  
құзыретін ажырату*

*Жалпы бөлім нормалары:*

**Ерекше  
бөлім  
құрылымы**

*жасына  
байланысты  
зейнетақылар*

*азаматтарды  
жасына қарай  
әлеуметтік  
қамсыздандыру  
ға құқықтарын  
қорғау және  
сақтау*

*мүгедектігі  
бойынша  
зейнетақылар*

*әлеуметтік  
зейнетақылар*

*еңбек  
зейнетақыларын  
тағайындаудың,  
есептеудің және  
төлеудің тәртібі*

*еңбек сіңірген  
жылдары  
үшін  
төленетін  
зейнетақылар*

*асыраушысына  
н айырылуына  
байланысты  
зейнетақылар*

*қарттарға  
және  
мүгедектерге  
әлеуметтік  
қызмет  
көрсету*

*әлеуметтік қамсыздандырудың жалпыға ортақтығы және қол жететіндігі;*

*әлеуметтік қамсыздандыру түрлерінің жан-жақтылығы және көптүрлілігі;*

*Әлеуметтік қамсыздандыру құқығының келесі қағидаларын атауға болады:*

*әлеуметтік қамсыздандыру елдің қалыптасқан экономика деңгейіне сәйкес мөлшерде беріледі;*

*әлеуметтік қамсыздандыру осы үшін арналған қаражат есебінен жүзеге асырылады;*

*Әлеуметтік  
қамсыздандыру  
құқығының салалық  
қағидаларына мынадай  
қағидаларды  
жатқызуға болады:*

- жалпыға ортақтық;
- міндеттілік;
- мемлекеттік бюджет және зейнетақылық қорлар есебінен қаржыландырылу;
- ақшалай төлемдерді беру негіздерін еңбек жағдайына (зиянды, ауыр және т.б.), табиғи-климаттық жағдайларға, орташа жалақының деңгейіне, еңбек стажының деңгейіне, жасына және т.б. қарай түрлерге бөлу;
- әмбебаптылық;
- кешенділік.

*Әлеуметік  
қамсыздандыру  
құқығының салаішілік  
қағидалары:*

*мақсаттылық*

*қолжетерлік*

*еріктілік*

*кәмелетке  
толмаған  
тұлғаларға  
әлеуметтік  
қызметтерді  
көрсетудің  
артықшылығы*

*құпиялық*